


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

---



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы өтетін  
«УНИВЕРСИТЕТТЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ  
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты  
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

1-кітап

МАТЕРИАЛЫ  
47-ой научно-методической конференции  
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ  
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ»  
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 1

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы өтетін «Университеттегі білім беру бағдарламаларының экспорттық әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты 47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. 2017 жылдың 26-27 қаңтары. 1-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 198 б.  
**ISBN 978-601-04-2195-0**

мұның бәрін ЖОО өз ішінде, қоғамдық жұмыс деңгейінде, яғни Жұмыс берушілермен екі жақты келісім-шарт жасасу арқылы шешуге негізделген.

«Қазақ газеттері» ЖШС журналистика факультетімен жыл сайын келісім-шартқа отырып, таңдау сабақтарының тақырыбын бірлесе айқындайды, сол таңдау сабақтарын оқыған студенттер бізде өндірістік тәжірибеден өтеді, күре жұмыстары мен диплом жұмыстарының тақырыптары да осы кезде белгіленеді. Бұлардың арасынан үздік шыққандары жұмысқа алынады. Бірақ көп жағдайда үміт ақтала бермейді.

Келісім-шарт бойынша белгіленген таңдау сабағын студент оқығанымен, журналистикаға қажетті негізгі сабақтарды оқымағандығы өндірістік тәжірибе кезінде белгілі болып қалады. «Боллон жүйесі» бойынша оқытудың жөні осы екен деп, журналистикаға тікелей қажет әрі міндетті пәндер де таңдау сабақтарының қатарына қосылып кетін жатқанын мен дәріс оқу барысында да, тәжірибе барысында да бірнеше рет байқадым. Бұл дұрыс емес. Сондықтан мынадай пәндер еліміздегі барлық журналистика факультеттерінде міндетті түрде негізгі пән ретінде оқытылуы тиісті деп ойлаймын. Бұл ойымды былай дәлелдеймін:

БАҚ саласында жұмыс істейтін тілшінің ең біріші міндеті – редакцияға келін түскен хаттар мен мақалаларды қорытып, дайындап, газет бетіне немесе эфирге ұсыну болып табылады. Тілшіге сол үшін айлық төленеді. Ал өзі жазған мақала үшін кез келген адамға қаламақы төленеді. Бұдан шығатын қорытынды – журналистика факультетін бітірген маман алдымен мәтінді өңдеу, жөндеудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгеруі керек. Ендеше «Мәтінді өңдеу жөндеу әдістері» деген пән таңдау пәні емес, міндетті, негізгі пән ретінде оқытылуға тиісті.

Дәл осы сияқты «Жанр түрлері мен ерекшеліктері», «Журналистік шеберлікті шыңдау», «Талдамалы журналистика», «Журналистік зерттеу әдістері» сияқты пәндер де бүкіл студенттерге міндетті түрде оқытылған жөн. Өкінішке орай, бұл пәндер арагідік таңдау пәндерінің қатарына қосылып кететіндіктен, кейбір студенттер негізгі білімнен нәр ала алмауы мүмкін.

Ал салалық журналистика мәселесіне келсек, ҚазҰУ журфагінде әзірге «Құқықты журналистиканың өлшемдері» атты пәннен басқа салалық пән бар дегенді естіген жоқпыз.

Салалық журналистика – өмір талабынан туындап отырған қажеттілік. Ал жаңа технологияны игеру, қаржы дағдарысынан шығу, өндірісті өркениет биігіне көтеру, кәсіпкерліктің қыр-сырын білу, тағы басқа озық үлгілерге қол жеткізу жолындағы әдіс-тәсілдерді қарапайым адамдарға жеңіл де ұғындыра жазу – журналистке қойылар батсты талап. Ол үшін арнайы біліммен қоса шығармашылық тәжірибе қажет. Еліміздегі журналистика факультеттерінің бәрі осы үрдістен шығып отыр ма? Оған жауап беру қиын, әрине.

Журналистика мамандығын таңдаған талапкерлердің көбісі бұл мамандықтан мүлдем бейхабар күйінде ЖОО-ға келеді де, кейін өкіне бастайды. Мектепте бір ауыз өлең жазған оқушыға әдебиет мұғалімі журфаққа баруға кеңес береді. Олар қалам ұстағанның бәрін журналист деп түсінеді. Сондықтан мектептің сабақ кестесіне журналистика жайында, жалпы БАҚ жайында арнайы дәріс енгізу жағын Білім және ғылым министрлігі мен Ақпарат министрлігі ойластыратын мезгіл жеткен сияқты.

Осы екі министрлік бірлесе отырып, заман талабына сай жас маманды жұмысқа орналастырудың жаңа концепциясын жасап, үкіметке ұсынса, нұр үстіне нұр болар еді.

Аймақтық ақпарат құралдарына кадр даярлау ісі бүгінде мүлдем назардан тыс қалды. ЖОО-дағы журфақтардың облыс, аудандармен тікелей байланыс орнататуға мүмкіншіліктері шамалы. Бұны да мемлекеттік деңгейде ойластырылатын іс деп білеміз.

**Шыңғысова Н.Т., Әшірбаев Б., Байғожина Д.О.**  
**ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ**  
**ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Студенттерді кәсіби даярлау болашақта түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуына ықпал етеді. Осы орайда оқу үдерісінде бірнеше бағыттар бойынша іс-шаралар

жүзеге асырылуда. Оның ең бастысы оқу-өндірістік, кәсіби тәжірибені ірі мекемелер мен өндіріс орындарында өткізу, жұмыс берушілерді білім беру үдерісіне қатыстыру, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру. Практик-мамандар өз дәрістерінде жұмысқа орналастыру бойынша да мәліметтер береді.

Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша маман дайындау мәселесі туралы сөз қозғамас бұрын, жалпы нарықтық қатынастың қыр-сырын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын меңгерген абзал. Себебі, нарықта біз жайшылықта мән бере бермейтін ұсақ-түйектің өзі үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ, нарық заңында барлығы сұраныс және ұсынысқа тікелей тәуелді екенін де ұмытпауымыз керек. Осы жерде, басты тақырыпқа оралсақ, бірінші кезекте жұмыс берушінің тапсырысы дегенге тоқталу қажет. Тапсырыс – бұл сұраныстың өзі. Басқаша айтқанда, белгілі бір қажеттіліктен туындап отырған дүние. Ал, маман дайындау ісін ұсыныспен байланыстыруға болады.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары «Алдымен экономика, сосын саясат» ұстанымымен нарықтық экономикаға көшті. Осылайша, бүгінде Қазақстан әлемдік экономиканың бір бөлшегіне айналып отыр. Мемлекетаралық сауда айналымы, бәсекелестік, жаһандану терминдері өмірімізге дендеп енді. Есесіне, қазіргі уақытта жұмыс берушінің тапсырысы бойынша маман дайындау мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Еңбек нарығына сай маман дайындау ісі саяси мәнге ие деуге болады. Бір қарағанда, бұл шаруамен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айналысып жатқанға ұқсайды. Елдегі жұмыссыздықты жою, қайта даярлау, еңбекпен қамту бағытында қабылданып жатқан бағдарламалар мен шаралар да аз емес. Әр өңірде дәл осы мәселелерді мойнына алған мекемелер де баршылық. Олар жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатып, дәл соларға керекті мамандарды дайындауға күш салуда. Қалай десек те, жұмыс берушінің тапсырысы бойынша маман дайындаудағы басты қағида – жан-жақты сұранысқа сай болу. Әрине, бірінші кезекте ол уақыттың сұранысына лайықты болуы шарт. Мәселен, БАҚ саласы. XV ғасырда – кітап, XVI – ғазет, XVII ғасырда журнал жарыққа шықты. XX ғасырда радио мен телевизияның пайда болуы ақпарат саласының пәрменін арттырса, ал, XXI ғасырда ғаламтор жоғарыдағы ақпарат құралдарын бір арнаға тоғыстырып отыр. Осылайша, БАҚ дамудың жаңа сатысына көтерілді. Жаңа медиаға жол ашылды. Ақпаратты қас-қағым сәтте әлемнің түкпір-түкпіріне тарату мүмкіндігі артты. Осыған сай, ағылған ақпараттардың анталаған жаңа тұтынушылары пайда болды. Сәйкесінше, масс-медиа бүгінгі қоғамнан өзіне лайықты орнын алды. Алайда, интернет түгелдей БАҚ бола алмайды. Ойткені, онда қалың бұқараға емес, шектеулі адамдар тобына ғана арналған сайттар да бар. Осыған орай, интернет ұғымына байланысты екі түрлі көзқарас қалыптасуда: біріншіден, барлық желілік кеңістікті біртұтас бұқаралық ақпарат құралдары деп қарауға болса, екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары, дүкен, кітапхана сияқты нысандармен қатар көрініс тапқан бөлек виртуалды кеңістік ретінде қарастыруға болады.

Негізгі тақырыпты тереңнен қаузап, жақыннан көретін болсақ, қазіргі масс-медияның сұранысы да өзгеше. Ал, осы медианың бас маманы журналистер қауымы десек, бүгінгі журналистерге қойылатын талап та басқаша. Дәстүрлі БАҚ-та қаламы ұшқыр, озық ойлы тілшілерге қашанда сұраныс жоғары болса, бүгінгі тілшілерге бұл аз аздық етеді. Халықаралық қатынас тілдерін меңгеріп, заманауи техникалардан да хабары болуы, кез келген салаға қалам тартарлықтай біліктілігі, қауқары болуы шарт. Түптеп келгенде, мұның барлығы заман талабы, уақыт сұранысы. Қала берді жұмыс беруші тараптың талабы. Әлемдік бәсекеде әмбебап тілшілердің бәсі жоғары.

Маман сұранысқа сай дайындалуы тиіс

Жоғарыда тоқталғанымыздай, нарық сұраныс пен ұсыныстан тұрады. Бұл қағида еңбек нарығының да ажырамас бөлігі. Жұмыс берушілер белгілі бір маманды оқытуға тапсырыс бермес бұрын, өздерінің нені қалайтынын, яғни, сұранысын нақтылап алуы керек. Бұл ақпарат саласына да қатысты. Мәселен, кейінгі жылдары салалық журналистерге деген сұраныс артқан. Атап айтқанда, құқықтық, экономикалық, банкі жүйесін, қоғаммен байланыс (PR) т.б салалардың ақпарат айдынында еркін жүзе алмауы, осы салаларды бір кісідей

білетін қалам иелерінің қатарының аздығы жиі айтылып жүр. Бұл талаптарға сай журналистердің жоқтығы, тілшінің ғана кемшілігі емес. Ол сол маманды дайындайтын оқу орындарының олқылығы. Сондықтан, оқу орындарына жаңа сұранысқа сай маман дайындау ісіне шындап көңіл бөлуі, тұтастай оқу базасына, дәстүріне өзгеріс енгізуі керек. Тіпті, бүгінгі оқыту жүйесінің ескіргені сонша, теория мен практика арасындағы айырмашылық уақыт өлшемімен есептегенде кемі ширек ғасыр кейін қалған. Сондықтан, жұмыс берушілердің тапсырысына сай маман даярлау ісінде теория мен тәжірбиені ұштастыруды ұйымдастыру, ғылым мен техниканың жетістігін пайдаға асыру қажет-ақ. Осы ретте оқу бағдарламаларын қайта қарап, сәйкесінше оқулықтарды жаңарту да артықтық етпейді. Бүгін ақпарат ағыны интернетке ойысты. Интернеттің пайда болуына қарай журналистиканың өзіне тән жана формасы дүниеге келді. Академик Ғ.Есімінің: «...біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» сақтауы мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария етілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде», – деген пікірі интернеттің зор мүмкіндігін ғана паш етіп тұрған жоқ, бұл осы салаға сай мамандарға деген сұраныстың өсекеңдігінен хабар береді. Интернет – журналистика, дәстүрлі журналистика ағымына айтарлықтай өзгеріс алып келді. Яғни, біз бүгін БАҚ саласына маман дайындау ісіне түбегейлі реформа жасамасақ, ертең түлектеріміздің жұмыссыз қалуы ғажап емес.

2006-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ақпарат нарығының бәсекеге қабілеттілігін дамыту жөніндегі тұжырымдама жалғасын табуы керек. Журналистика үздіксіз ізденісті қажет ететін маманның қатарында. Сондықтан, көптеген журналистер қосымша мамандық алуға мәжбүр. Мысалы, заң саласын сауатты жазатын тілші болғысы келетіндер заңгер мамандығын қосымша оқып, өздерінше сұранысқа сай болуға талпынып жүр. Әрине, бұл үрдіс қуантады. Алайда, бүгінгі уақыт қысқан заманда кез келген адамның мамандық қуып жүруге мүмкіндігі бола бермейді.

Қазіргі таңда қоғаммен байланыс мамандарын даярлауға байланысты іс-шаралар жүзеге асырылуда. PR коммуникацияны да, басшылыққа кеңес беру функциясын да қамтиды. Болашақта стратегиялық ойлай алатын, болашақты болжап отыратын, өз деңгейінде кеңес беретін маман болуы тиіс. Әлеуметтік жауапкершілікті, қоғамдық мүддені де ұмытпауы тиіс. Сондықтан, қоғаммен байланыс мамандарын кешенді түрде дайындау қажет. Мәселен, қазіргі оқу жоспарында «Мемлекеттік басқару және бизнес саласындағы қоғаммен байланыс қызметі», «Дағдарыс PR-ы», «PR жанрлары», «PR-жобаларды ұйымдастыру, басқару», «PR-дағы компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар», «Жобаның бизнес-жоспарын құру», «Бәсекеге қабілетті PR-өнімдер өндіру технологиялары», «Бұқаралық коммуникация мен қоғаммен байланыстың заманауи технологиялары», «Имиджеология», «Ішкі PR», «PR-дағы консалтинг», «Елдік брендинг және халықаралық PR», «Қазіргі баспасөз қызметі», «Бизнес-корпорация PR-бөлімінің жұмысын ұйымдастыру» т.б. пәндер оқытылады. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының таңдау бойынша элективті пәндері жұмыс берушілермен біріге отырып жасалады. Мәселен, элективті пәндер каталогын дайындау барысында ҚР ҚБҰА, PR-шы клубы сияқты бірнеше мекемелерге, қазақтандық PR-практиктерге Қазақстанның PR нарығына қандай мамандар қажет, олардың бойына қандай күзiреттiлiктер қалыптастыруымыз керек деген мәтінде сұраныс-хаттар жолданды. Себебі, кәсіби стандарт жасауда жұмыс берушілердің пікірін ескеру қажет.

PR мамандарын оқыту барысында іргелі даярлық, коммуникацияның теориясы мен практикасы бойынша терең, сапалы білім беру, ағылшын тіліш жете меңгерту, жана коммуникациялық-ақпараттық технологияларды игеруге машықтандыру жүзеге асырылып отыр.

Кафедра кәсіби мамандарды – медиа нарығына, мемлекеттік, саяси, әлеуметтік және бизнес құрылымдарға қазіргі заманғы технологияларды меңгерін, құзіреттер мен тәжірибелік дағдыларды игерген, бүгінгі еңбек нарығында сұранысқа ие халықаралық журналистерді, PR-менеджерлерді, имиджмейкерлерді, продюсерлерді, баспасөз хатшыларын даярлауды мақсат етеді. Әлемдік стандарттарға, заманауи зияткерлік талаптарға сай кадр әлеуетін қалыптастыруды көздейді. Білім алушылар өз саласында теориялық білім алумен ғана шектелмей, болашақта тиімді карьера жасауға қажетті қосымша құзіреттіліктерге ие болуы керек.

Қоғаммен байланыс пәнінің құзіреттіліктерін қалыптастыруда өзге де салаларды қамту қажет. Журналистика соның бастыларының бірі. PR маманы жаңа медианы өз деңгейінде игеруі, БАҚ өкілдерімен тиімді байланыс орната білуі, баспасөзге арналған материалдарды жаза білуі қажет. PR-маманының кәсіби құзіреті – коммуникативтілік, креативтілік, шығармашылық көзқарас, жазу қабілеті, іскерлік қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, көпшілікпен тез тіл табысу, идеяларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыру екендігі мамандыққа талапкерлерді шығармашылық байқау арқылы қабылдау жөніндегі шешім өте дұрыс.

Бітіруші түлектердің нарықта сұранысқа ие маман болып қалыптасуы аса маңызды. Осы орайда университет жыл сайын жұмыс беруші компаниялардың бос орындарға жәрмеңесін ұйымдастыруды қолға алып келеді.

Ашық онлайн курстар ұйымдастыру, қашықтықтан білім беру жүйесін жетілдіру ісі де қолға алынуда. «Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша ағылшын тобы ашылып, сабақтар ағылшын тілінде жүреді.

Жұмыс берушілердің тапсырысына сай маман дайындау барысында тағы бір ескерерлік жәйт, оқытушылардың біліктілік деңгейі. Білікті маман дайындау үшін, оның ұстазы мықты болуы шарт.

Қазіргі таңда жұмыс берушілердің түлектерді сапалы дайындауға талабы жоғары. Жұмыс берушілер де өз кезегінде жұмыспен қамтуға кепілдік беруі тиіс.

Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша мамандар даярлау жұмыссыздықты азайтып, экономиканы дамытуға ықпал етері даусыз.

## МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ МҰТАНОВ ГАЛЫМҚАЙЫР МҰТАНҰЛЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ.....	4
Нурланов Е.Б. ОРГАНИЗАЦИЯ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБУЧЕНИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ КАЗАХСТАНА .....	10
Умаров Т.Ф. ОПЫТ КБТУ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ИТ-НАПРАВЛЕНИЯ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ ОБУЧЕНИЯ .....	14
Идиятова Ю.М. АСПЕКТЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ:ОПЫТ РЕАЛИЗАЦИИ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ.....	17
Jan Sadlak UNIVERSITY RANKINGS: A VECTOR OF QUALITY AND COMPETITIVENESS IN CONTEMPORARY HIGHER EDUCATION.....	19
Хикметов А.К., Мухитдинова Т.М., Саксенбаева Ж.С. ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ.....	20
Ерғобек Ш.К., Алтаева К.Ж. ОБЩЕСТВЕННО-ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫХ И ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СИСТЕМЕ ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ.....	26
Daniel Pugh BEYOND CERTIFICATION: TRANSFERRABLE SKILLS AS PREPARATION FOR UNCERTAINTY.....	29
Kudaibergenova R. E-LEARNING IN KOREAN STUDIES: PROSPECTS OF DEVELOPMENT .....	34
Zhanabaev Z.Zh., Saymbetov A.K., Imanbayeva A.K., Ibraimov M.K., Japashov N.M. THE CONTENT OF THE TRAINING AND PROFESSIONAL STANDARDS OF THE PROGRAM “SPIID:RADIOENGINEERING, ELECTRONICS AND TELECOMMUNICATION”.....	37
Аскарова З.А., Мурзахметова М.К., Сраилова Г.Т., Жапаркулова Н.И. ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ К НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	41
Ахтаева Н.С., Садыкова Н.М., Болтаева А.М. МАССОВЫЕ КОММУНИКАЦИИ КАК ОБЪЕКТ УПРАВЛЕНИЯ СОЗНАНИЕМ МОЛОДЕЖИ .....	44
Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М., Рысбаева Б.Б. ЖАЛПЫҒА АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫ (ЖАОК) ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ БІРІ.....	47
Гусманова Ф.Р., Тюлепбердинова Г.А., Газиз Г.Г., Адилжанова С.А. ОСОБЕННОСТИ ДИСЦИПЛИНЫ «ИНФОРМАЦИОННО - КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» ПРИ ПОДГОТОВКЕ ПОЛИЯЗЫЧНЫХ КАДРОВ.....	50
Зияханов М.У., Наурызбаева Г.К. ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ .....	53
Керімбаев Н.Н., Бажиков К.Т. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ВИРТУАЛДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ .....	56
Мусинова А.А. MEDIALAB КАК ЭФФЕКТИВНАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ С РАБОТОДАТЕЛЕМ В ОБЛАСТИ МЕДИА.....	59

Моисеева Е.С., Каруна О.Л., Хикметов А.К. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ FLIPPED CLASSROOM В ПРОГРАММАХ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	62
Сайфутдинов И.Н. ЗНАЧИМОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС.....	65
Тукеев У.А., Бельгибаев Б.А. ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «АВТОМАТИЗАЦИЯ И УПРАВЛЕНИЕ» С УЧЕТОМ СОВРЕМЕННЫХ ТЕНДЕНЦИЙ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....	67
Шайкенова Р.Р. НАВЫКИ СОТРУДНИКОВ – СРЕДСТВО КОНКУРЕНТНОЙ БОРЬБЫ.....	71
Шалахметова Т.М., Суворова М.А. РОЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СТАНДАРТОВ В ОБЕСПЕЧЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	73
Артемьев А.М., Ердавлетов С.Р., Исакова К.А., Молдагалиева А.Е., Есенов М.Н., Дихтяр С.В. АКТУАЛИЗАЦИЯ ОТРАСЛЕВЫХ РАМОК КВАЛИФИКАЦИЙ В СФЕРЕ ТУРИЗМА И ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА.....	75
Рысбекова Ш.С. ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ СПЕЦИАЛЬНОСТИ РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ - ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ.....	79
Erdavletov S.R, Aktymbayeva A.S., Abisheva Z.M., Uvarova A.K., Koshkimbaeva U.T THE MECHANISM OF INTERACTION THE UNIVERSITY WITH EMPLOYERS FOR TRAINING SPECIALISTS IN THE FIELD SERVICES.....	82
Temerbayeva A. GOVERNMENTAL ON-JOB-TRAINING PROGRAM “YOUTH PRACTICE” AS A TOOL TO INCREASE YOUTH EMPLOYABILITY RATE: EVIDENCE FROM ASTANA.....	85
Andekina R. CURRICULUM REVISION IN ACCORDANCE WITH THE PROFESSIONAL QUALIFICATION PROGRAMS: CASE OF NARXÖZ UNIVERSITY.....	89
Исабеков М.У. ПРЕДЛОЖЕНИЯ К ЗАПУСКУ МЕХАНИЗМА НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КВАЛИФИКАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА ОСНОВЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА ...	92
Алияров Е.К. ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВУЗОВ И НАУЧНО-АНАЛИТИЧЕСКИХ ЦЕНТРОВ: ПОИСКИ ПУТЕЙ СОТРУДНИЧЕСТВА, ПЕРСПЕКТИВЫ И ПРОБЛЕМЫ.....	96
Кенжалин Ж.О. «ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҰРА».....	100
Шыңғысова Н.Т., Әшірбаев Б., Байғожина Д.О. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	101
Хайдарова Т.С. РОЛЬ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В УКРЕПЛЕНИИ ЗДОРОВЬЯ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	105
Нажметдинова А.Ш., Табаева А.А. ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	108
Оспанова А.К., Омарова Р.А., Исакова М.К., Жертыбаев Р.Н., Савденбекова Б.Е. НЕКОТОРЫЙ ОПЫТ ИНТЕГРАЦИИ НАУКИ И ПРАКТИКИ В ДЕЛЕ ПОДГОТОВКИ СОВРЕМЕННЫХ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ МЕДИЦИНСКИХ КАДРОВ.....	110
Нюсупова Г.Н., Токбергенова А.А. МЕЖДУНАРОДНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ И РЕЙТИНГ ВУЗОВ КАК ИНСТРУМЕНТ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ.....	115
Мишагалин Г.С., Турдалиева Г.Р. ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕССОМ УНИВЕРСИТЕТА.....	117



*Ғылыми басылым*

**РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы  
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАГДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ  
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты  
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**26-27 қаңтар 2017 жыл**

**1-кітап**

Жинақ авторлық редакциямен беттеліп, жарыққа шықты

**ИБ № 10624**

Басуға 19.03.2016 жылы қол қойылды. Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>.

Көлемі 16,5 б. т. Тапсырыс №1026. Таралымы 100 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.